

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 6 (156), 2021

Маусым

Июнь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қантар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006

года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Г. Койбекова	
Бүлдіршіндердің жүрегіне жол тапқан жан.....	3
Г. Койбекова	
Ертеңгі ел тірегін тәрбиелеу – біздің қасиетті борышымыз.....	4
Т. Кадырова	
Жаңартылған білім беру жүйесі – жаңа заман талабы.....	6
М. Ергараева	
Назипа Құлжанованың мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды тәрбиелеу идеялары.....	8
Ұ. Бисенбай	
Әлеуметтік педагогтың қиын балалармен жұмысы.....	10
Н. Утембетова	
Формирование нравственно-ценностной мотивации поведения студенческой молодежи.....	13
А. Ильясова	
Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы.....	17
Е. Кулиш	
Использование ИКТ в работе мастера производственного обучения в качестве формы организации учебной деятельности студентов с особыми образовательными потребностями.....	18
П. Маширбаева	
Как стать успешным?.....	23
Н. Рахматулина	
Оформление и реализация супов.....	26
М. Қашқынбаева	
Мен – Тәуелсіздіктің құрдасымын.....	29
А. Оспанова	
Кіріпге арналған алмалар.....	30
Ж. Дюсенова	
Зияткерлік спорт – білімді ұрпақтың негізі.....	33
М. Номанова	
Кім болам?.....	36
Г. Досболова	
Кішкентай Толағайлар.....	39
Э. Баймуханова	
Сказки водят хоровод.....	41
Д. Кайыпова	
«Бауырсақ» ертегісі.....	43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
27.05.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ОО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информаций РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 27.05.2021 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии


«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Бүлдіршіндердің жүрегіне жол тапқан жан



КОЙБЕКОВА Гуля Адамбаевна 1972 жылы 11 қыркүйекте Алматы облысы, Райымбек ауданы, Текес ауылында дүниеге келді. 1979-1989 жылдары Текес орта мектебінде білім алды. Еңбек жолын 1989-1992 №141 бөбекжайында тәрбиеші қызметінен бастады. 1992 жылы тұрмыс құрды.

1992-1998 жылдары Фрунзе ауданы №320 бөбек-жайында тәрбиеші қызметін атқарды. Алматы қаласы Бостандық ауданындағы №152 бөбекжайда тәрбиеші қызметін атқарған. 1994-1998 жылдары аралығында Қазақ Қыздар мемлекеттік институтында

мектепке дейінгі педагогика және психология мамандығы бойынша білім алды.

2011-2014 жылдары аралығында Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Алғабас» ауылындағы №185 орта мектеп, мектепке дейінгі шағын орталық әдіскері қызметін атқарды. 2012 жылдан бастап осы орталықтың менгерушісі қызметінде жұмыс жасады.

2013 жылы Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде психология мамандығы бойынша білімін толықтырды.

2015 жылдан бастап ЖШС «Арша» балабақшасының менгерушісі қызметін атқарды. 2018 жылдан бастап ЖШС «Арша» балабақшасының құрылтайшысы қызметінде.

2018-2020 жыл аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «педагогика және психология» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алды.

2020 жылдан бастап ЖШС «Энтузиаст» балабақшасының құрылтайшысы.

Отбасылы. Отбасында 2 ұл, 2 қыздың анасы. 3 немеренің әжесі. Гуля Адамбаевна – аяулы жар, асыл ана, ардақты әже.



**Жетістіктері:**

1. Алматы облысы, Қарасай аудандық «Ағартушы» Кәсіподағының «Құрмет грамотасы»;

2. Ақсай ауылдық округі әкімінің «Алғыс хаты»;

3. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ «сертификаты». «Бизнес кеңесші» 29.10.2013 ж.;

4. Алатау аудандық білім бөлімі «Мадақтама». Жеке меншік балабақшалар арасында «Арша» балабақшасы. Алматы 2016 ж.

5. Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі Республикалық Кеңес «сертификаты», «Білім беру саласының үздігі» құрмет атағының иегері. №035, 12.12.2016 ж.;

6. «Білім беру саласының үздігі»

құрметті атағымен марапатталды. 2016 ж.;

7. «Қазақстанның Алтын кітабы», куәлік, медалімен марапатталды. 2020 ж.;

8. Алматы қаласы Алатау аудандық Білім басшысынан «Алғыс хат», 2020 ж.

Жарияланымдары:

1. «Ойнайық та ойлайық» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Эверест-ресс баспасы, №1-2013, 21-22 бет;

2. «Үй жануарлары: төрт түлік». Қазақ тілімен әдебиеті. – Алматы, №3 2013, 88-91 бет;

3. «Астанаға 20 жыл» энциклопедиялық кітап 2018 ж., 118-119 б.б.;

4. Латын Әліпбиі – Ұлт психологиясын жаңғыртудың бір шарты. 54-57 б.б.

Тұлғаның өмірлік іс-әрекетіне ұжымдағы психологиялық ахуал мен әлеуметтік статустың әсер ету ерекшеліктері. 33-35 бет.



Ертеңгі ел тірегін тәрбиелеу – біздің қасиетті борышымыз



**Гуля Адамбаевна
КОЙБЕКОВА,
ЖШС «Энтузиаст»
балабақшасының
құрылтайшысы.
Алматы қаласы.**

«Арша» балабақшасы 13 желтоқсан 2013 жылдан бастап қызмет жасайды. Оқу-тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақша бойынша

жалпы 5 топ бар. Жобалық қуаттылығы – 100 орын. Ондағы 2013-2021 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің жалпы саны – 670.

Балабақша қажетті құралдармен, ойыншықтармен толық жабдықталған, оқу, ойын және ұйықтау бөлмелерінен басқа, асханасы, дәрігерлік кабинет пен музыкалық залы да бар.

Қазіргі заман талаптарына сай оқу-тәрбие ісін мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын негізге ала отырып, ұлттық педагогикалық бағытты жетілдіруде. Әр топ заман талабына сай пәндік дамытушы ортамен және бес білім беру саласы-



ның қажеттілігіне лайық деңгейде қамтамасыз етілген.

2016 жылы ауданаралық «Үздік тәрбиеші» байқауына белсене қатысып, кәсіби деңгейін жоғары дәрежеде көрсеткені үшін «Арша» балабақша ұжымы марапатталды.

2018 жылдың мамыр айында «Балалар би шығармашылығының Республикалық фестивалінде» «Арша» би тобы 1-орын алды.

сіздік деп соғады жүрегіміз!» атты Республикалық көркем сөз, ән-би, шығармашылық жұмыстар байқауының «Хореография» номинациясы бойынша қатысып, «Арша» би ансамбілі I дәрежелі дипломмен марапатталды.

2020 оқу жылында «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай мектепке дейінгі қызметкерлер арасында «Үздік тәрбиеші» байқауы ұйымдастырылды.





Жаңартылған білім беру жүйесі – жаңа заман талабы



**Толганай
Мынжасаровна
КАДЫРОВА,**
«Алматы облысының
қызмет көрсету және
тамақтандыру сала-
сындағы инновация-
лық технологиялар
колледжі» МКҚК
химия пәнінің оқыту-
шысы.
Алматы қаласы.

*«Еліміздің тағдыры –
жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры –
ұстаздардың қолында»
Н.Ә. Назарбаев*

Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру тұжырымдамасында «Жаңа тұрпатты мұғалім – өз мамандығына қажетті кәсіптік дағдыны, педагогикалық қабілетті жетік меңгерген, үнемі жаңаға ұмтылатын, рухани дамыған шығармашыл тұлға» делінген. Әлемдік білім беру жүйесіне енуде батыл қадамдар жасалында. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдалана білудің мақсаты алған білімдерін өмірде қолдану. Білім беру саласында озық технологияларды қолдану оқытушының ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді. Осы мәселе аясында «Білім алушылар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген секілді негізгі сауалдар туындап отыр. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен

және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Жаңартылған білім беру мазмұнының көптеген ерекшеліктері бар. Бағдарлама аясында оқытушы үшін маңыздысы шебер сұрақ қоюшы болуы қажет. Оның ықтимал себептері сабақ барысындағы олқылықтарды анықтау үшін, білім алушылардың ойларын бағыттау үшін және келесі сұрақтарға түрткі болуы үшін және т.б. Сондықтан оқытушылар үшін нақты:

- жан-жақты жауаптарды талап ететін сұрақтар қою;

- сұрақ қойылған соң, білім алушылар жауаптарын ойланып алу үшін уақыт беру.

Атақты ғалымдар – Харгривс пен Гэлтон (2002) жалпы алғанда, оқытушы сұрақ қойғаннан кейін оны қайталап немесе сол сұрақты өзге білім алушыға басқаша қоймас бұрын шамамен екі секундтай кідіретіндігін анықтаған. Осы тұрғыда оқытушы «Қызық екен, мен ол туралы ойламаппын» деген түсінікті пайдаланып, естігендерін сынамай және қарсыласпай, өз пікірін айта алу қажет.

Сапалы сұрақтарды қоя білуге үйрету сыни тұрғыдан ойлаудың және жақсы сыни ойшыл болып қалыптасудың негізгі кілті болып табылады. Негізінен, ойлау – тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады екен. Сондықтан да білім алушыларды тек сұраққа жауап беру ғана емес, тиімді сұрақтар қоя білуге үйретуде Алисон Кингтің «Ойлай алатындар, сауалдар да қоя біледі» деген ұстанымын басшылыққа ала отырып, Бенджамин Блумның таксономиясымен «Сауалдар түймедағы» тәсілін қолданудың тиімді



екендігіне тоқталғым келеді. Бұл мақсатқа жету – «Білемін», «Өзгертемін», «Жасай аламын» деген қадамдардан тұрады.

«Қырық жыл еңбек етсең де қырық минуттық сабағына дайындалғаны абзал. Оқытушы өз білімін жетілдіріп отырғанда ғана оқытушы, өз білімін жетілдіруді тоқтатқан күні оқытушылығы да жойылады», - дейді К. Ушинский. Әр пәннің өзіндік қиындығы бар. Химия біршама қиын, күрделі пән. Сондықтан сабақ түсіндіргенде үнемі көрнекі құралдарды көбірек пайдаланған және тәжірибе сабақтарын да жиі өткізген жөн. Күнделікті өмірдегі тұрмыс жағдайымен тығыз байланыстыру қажет. Бұл білім алушылардың сабақты жақсы қабылдап, оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруінде маңызы зор. Ал жаңартылған оқу бағдарламасы сабақта көрнекі құралдарды барынша көп пайдалануға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда жаңа сабақты түсіндіру барысында оқытушылар PowerPoint бағдарламасын пайдаланып, кейбір есептердің шығару жолдарын түсіндіріп, тәжірибе жұмыстарын жасап, бейнесабақтар түсіреді. Ол бейнесабақтардың артықшылығы сонда, білім алушы кез келген уақытында қарап және түсінбеген жерлерін қайталап көруіне мүмкіндігі бар. Бейнесабақта химиялық формулалар арқылы есептеу тәсілдері түгел айтылып түсіндіріледі.

Жаңартылған білім беру жүйесінде білім алушылардың қажеттіліктерін анықтау барысында нақтыланған SMART-мақсатты анықтай алады. Мақсаттар анықталған соң, белсенді оқу әдістерін таңдауға оқытушының кәсіби шеберлігінің жаңарып отыруының маңызы зор. Оқытушы теориялық және практикалық біліммен қаруланған болуы қажет.

Жаңартылған білім беру жүйесінің тағы бір ерекшелігі болып табылатын критериялды бағалау – білім алушыларға белгілі бір критерийлермен жүзеге асырылатын бағалау түрі. Ол дәстүрлі баға-

лаудан өзгеше формада жүргізіледі. Бағалауды жүргізудің артықшылығы білім алушылармен үнемі кері байланыс жасап отыру. Дәстүрлі оқытудағы бағалауда тек үздік білім алушылар бағаланып, топтағы қалған білім алушылар бағалау үдерісінен тыс қалып отыратын. Жаңартылған білім жүйесіндегі бағалау арқылы ашықтық пен әділдікке қол жеткіздік. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдері білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, білімін толықтыруға көмектеседі. Сондықтан жаңа технологияның тиімді әдістерін таңдап алып, оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен пайдалану – ұстаз шеберлігінің белгісі.

Жаңа сабақты игеру барысында білім алушылардың жұппен және шағын топпен жұмыс жасауы жаңа идеяларды ұсынумен қатар, белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді. Оған дәлел сабақ барысында қолданып жүрген әдіс-тәсілдер. Атап өтсек: Джиксо, түртіп алу, күнделік жазу, әлем шарлау, рөлдік ойындар, диалогтік әңгіме жүргізу, топтастыру, семантикалық карта, венн диаграммасы, веер әдісі, сұрақ-жауап сияқты білім алушыны сыни түрде ойландырып, өзіндік идеясы арқылы жауабын дайындап ортаға тастау. Осы арқылы білім алушының бүгінгі сабақты қаншалықты меңгергенін, қандай нәтижеге жете алатынын білуге болады. Осы әдістермен бірге, ұстаздарға «Оқу мен жазу» арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын да сабақта пайдалану өте тиімді.

Қорыта келгенде, «Ұстаздық – ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді», - деп Б. Момышұлы айтқандай, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беретін ұстаз қауымының қоғамдағы орны ерекше екенін ұмытпау – әрбір азаматтың парызы. Өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін білімді ұстаздар елімізде көбейе берсін.



Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды тәрбиелеу идеялары



Маржан Шымбергеновна ЕРГАРАЕВА, ЖШС «Бота» ясли балабақшасы тәрбиешісі. Ақай ауылы, Қармақшы ауданы, Қызылорда облысы.

Құлжанова Назипа Сағызбайқызы ХХ ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист – публицист.

Назипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараулардан тұрады:

1. «Күллі жер жүзінде»;
2. «Мектеп жасына толмаған бала»;
3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»;

4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»;

5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала-бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала-бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды.

Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді

Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың



ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөзде, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Назипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әр түрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Нәзипа Құлжанова алғашқылардың бірі болып мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастыру ісін қолға алады. Ол үшін Қазақстанда «Балалар апталығы» өткізілді, оның мақсаты ересек тұрғындарды балаларға көмек беруге баулу болып саналды. Қоғамдық мек-

тепке дейінгі тәрбиені алмаған балалар мектептің жанындағы арнайы мектепке дейінгі топтарға қабылданды. Сабақтарды педагогтар психологиялық және педагогикалық негізделген жағдайда жүргізді. Осы жылдары Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбие ісі ауылдық жердегі балаларды қамтыды, көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарда мектепке дейінгі киіз үйлер құрылды, олар жергілікті жердің халқының жаңашылдыққа деген сенімдерін туындатуға бағытталды. Н. Құлжанованың басшылығымен ауылдарда мектепке дейінгі мекемелер құрылды, олардың жұмысына шаруа әйелдер қатыстырылды.

XX ғасырдың басында Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұны туралы сөз болғанда, Нәзипаның алатын орны ерекше. Өйткені қазақтың тұңғыш педагог-ғалым қызы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда бірнеше еңбектер жазған. Н. Құлжанова шығармашылығында ана мен бала тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылған. Халқым деп қызмет еткен Құлжанова ұрпақ тәрбиесі туралы жазған еңбектерінде баланы тумас бұрын түрлі аурулардан сақтандырып, емдеуге бағыттайтын құнды кеңестер орын алады. Талантты ізденімпаз журналистің қаламынан туғандықтан, оның бұл жазғандары әлі күнге дейін өзінің өмірлік мәнін жоя қойған жоқ, ғылым, білім дамыған қазіргі заманда да көпке көмегін тигізетін мағұлматтар баршылық. Атам қазақтың көне заманнан келе жатқан бала тәрбиесі мен ана қасиетіне қатысты ойларын есте сақтап, заманына лайық теориялық, тәжірибелік мәнді түйіндерді зердеде ұстап тағылымды оқулық іспетті құралды жазуға жетіскен. «баланы жастан, келінді бастан тәрбиеле» дейтін нақылдың зор ағартушылық сипатқа иелігін автор кіта-



бын жазу барысында темірқазық етіп ұстанғаны хақ. Кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы. 1913 жылы жазылған мақаласында «Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы», - деген ғой А. Байтұрсынұлы.

Нәзипа Сегізбайқызы кітабына жазған алғысөзінде: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім керек. Тіршілікке керек сол өнер-білімге баланы бастан даярлау керек деген соңғы заманда пікір күшейді. Оны күшейтіп отырған да тіршілік ісіне бұл күнде өнер-білім көп керектігі», - дей келе, баланы сәби шағынан өмірге, оқуға, тәрбиелікке баулу проблемаларын басты

назарда ұстауға меңзейді. Ұрпақ тәрбиесі, ұлт тәрбиесі көңілі ояу, көкірегі таза ел азаматтарының ой тербегіндегі алдымен назарда сақтайтын кенеулі мәселе болып қалатындығы сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Нәзипа Құлжанова: Журналист-публицист туралы // Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. - Алматы, Алматы, 1995 ж.

2. Меңдаяқова Қ. Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің дамуы (1917-2005жж.- Алматы 2012. -198 б

Байжұманова Г. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа/ Байжұманова Г. // Семей таңы. - 2007. - 30 тамыз.- Б.3.



Әлеуметтік педагогтың қиын балалармен жұмысы

Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын көкейкесті мәселелерінің бірі. Тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс.

Жасөспірімдік кезең – балалық шақ пен есейген кез арасындағы онтогенездік кезең. Бұл кезең адам жас ерекшеліктерінің ішінде ең қиын кезең, екінші туылған кезең деп аталады. Жеткіншек кезеңнің шектері шамамен балалардың орта мектептің V-VIII класында оқитын кезімен сәйкес келеді, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Ғалымдар осы жас кезеңдегі психологиялық жағдайды екі түрлі «қауіпті» сәттермен байланыстырады: психогенетикалық жыныстық же-

тілуімен байланысты барлық жағдайлар және әлеуметтік кезең – балалық шақтың қызықтары аяқталып, ересектік кезеңге қадам басуы.

Жастық шақ – адам өмірінің көктемі. Бұл жайлы халқымыз аз айтпаған. Мәселен, «Ақыл - жастан», «Жастық – жалын», «Болар елдің баласы, он бесінде басын дер», - деген сөздер бозбалалық шақта адамның ақыл-ойы қауырт өсетінін, қажырлы іс-әрекетке, қимыл қозғалысқа құштар албырт, романтикалық кезі екенін өте дәл бейнелейді.

В.В. Трифонов зерттеулерінде «қиын оқушы» анықтамасы – бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды,



әлеуметтік педагогтің ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін оқушы. Бұл шексіз ұғым. Ол жеке адамның өзгеру құбылысын жинақтаушы. Осы категориядағы балалардың жалпы адамдық және өзге ешкімде қайталанбайтын қасиеттері, әлеуметтік және биологиялық факторлардың ықпалымен қамтамасыз етіледі. «Қиын балалар» ұғымы 1920-1930 жылдарда тәрбие мәселесінде пайдаланылып жүрді. Бара-бара бұл 1950-1960 жылдары қайтадан қолданысқа енді. Қазір бұл мәселе ғылымда нақты орын алып отыр. Әрине, бұл мәселемен көптеген ғалымдар айналысқан, қиын балалар мінезін, өмірін жан-жақты зерттеген. Қазір де мұндай жасөспірімдер көп. Қиын балалар қайдан шығады? - деген сұраққа былай жауап берсе де болады. Ең басты себеп отбасы тәрбиесінде жатыр: ата-ананың ішімдікке салынуы немесе екеуінің біреуі болмауы. Осының бәрі баланың мінез-құлқына, ішкі жан дүниесіне әсер етеді. Кейбір тәрбиесі, мәдениеті өте төмен ата-ана баласын ұрып-соғып, жаман сөзбен балағаттап, тіпті баласына қайырсадақа сұратқызады. Мұнда бала ертеңгі күні кекшіл, жасқаншақ, төбелескіш келеді. Сонда оның тағдыры, болашағы қандай болмақ.

А. Макаренконың мына бір сөзіне көңіл қою артық болмас еді. «Бала тәрбиесі біздің өміріміздің саласы. Біздің балаларымыз мемлекетіміз бен әлемнің болашақ азаматтары. Олар ертеңгі әке мен шеше, олар да өз балаларын тәрбиелейтін болады. Біздің балаларымыз тамаша азамат, жақсы әке, жақсы шеше болып өсуі керек. «Қиын балалар», «мінез-құлықтағы қиындық» ұғымынан басқа, «қиындықпен тәрбиелену» ұғымы де кеңінен қолданылады. «Қиындықпен тәрбиелену» – баланың теріс мінез-құлқы, дау-жанжал Кейде бұл қайшылық таби-

ғи түрде, тек бір-бірін түсінбеуден шығатын дау-жанжал екенін айтуға болады. Ал мұндай да кейде онша қауіпті емес және ол қиындықсыз жойылуы мүмкін.

Г.А. Фортунатовтың зерттеулерінде «қиын бала» ұғымына былайша түсінік беріп, оларға үлгермеушілер мен тәрбие ықпалына көнбейтін балаларды жатқызады. «Қиын балаларға» ол психикалық бұзылудан жапа шеккендерді жатқызады. Г.А. Фортунатов қиын балаларға тек анықтама беріп қана қоймай, ондай балалардың пайда болуының себептерін түсіндіреді және осындай себептің екі тобын табады. Бірінші топқа ол ескінің әсерін, ал екіншіге оларды қиналатын ішкі дау-жанжалдарды жатқызады. Дау-жанжалдардың тууы негізінде балаларда көбінесе мынадай мінез-бітістер: *қозушылық, ұстамдылық, кейде ақылға сыймайтын қасарғыштық, кекшілдік, мейірімсіздік* тағы басқа пайда болады.

Белгілі психолог Л.С. Выготский «қиын балалық шақ» кезеңін талдау кезінде, оның барлық факторларының болуы мүмкіндіктерін, яғни жеткіншектердің биологиялық, әлеуметтік-мәдени және психологиялық жетілуін ескеру қажет, деп белгіледі. Өйткені, қандай да бір аймақта ауытқулардың болуы, әлеуметтік ауытқушылыққа әкеледі.

Л.И. Белозерова тәртібі қиын оқушылардың үш тобын атап көрсетті:

- Бірінші топқа болашағы мүлдем жоқ жасөспірімдер жатады. Олар айналасында болып жатқан құбылыстарға ешқандай құлық танытпайды. Қалыптасқан келеңсіз өмір жағдайларының салдарынан олар ештеңеге сенбейді. Айналасындағылардың оларға деген қатынасы оларды қызықтырмайды, олар өздеріне деген қайырымды қатынасты тудыруға тырыспайды.

Оларға ойлау жұтандығы, ойлау құнт-



сыздығы, өзінің оқу еңбегін ұйымдас-тыра алмайтындығы тән болады. Олардың өзіншілдік ұмтылыстары, кейде өзін ұжымға ашық қарсы қоюы – оның ұжымнан мүлдем шектеліп, оның өмірінен тыс-қары қалуының нәтижесі. Басты міндет – бұл жеткіншектердің өмірге деген қызығушылығын ояту, өмірдің болашағын түсінуге көмектесу, салауатты ұмтылыс-тар мен мақсаттарды тудыру;

- Айналасында болып жатқан құбылыс-тарға, мұғалімдер мен тәрбиешілердің кез-келген талаптарына немесе өтініштеріне, әдетте дұрыс емес әрі төтенше реакция көрсететін жасөспірімдер екінші топқа жа-тады. Бұл топтағылар ұжыммен келіспеу-шілікте бола тұра, айналасындағыларға ор-тақ ережелер мен талаптарға қарсы өзінің пиғылдарын іске асыруға ұмтылады. Басқа тәртібі қиын жеткіншектерге қарағанда, мінез-құлықты қалыптастырушы баршаға деген ызаны, дөрекілікті бұлардың бойы-нан көбірек байқауға болады. Негізгі мін-дет – оларды айналасындағы құбылыстар-ды дұрыс түсініп қабылдауға үйрету, сон-дай-ақ, өз ниет-тілектерін тежей отырып, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігіне дағдылан-дыру;

- Мінез-құлқының тұрақсыздығымен және тез сенгіштігімен айрықшаланатын жасөспірімдер жатады. Олар құрдастары-ның жағымсыз да, жағымды да ықпалда-рын онай қабылдайды. Бұл топтың барлық жеткіншектеріне өз-өзіне сенімсіздік тән. Кейбіреулері тұйық, ал кейбіреулері кері-сінше, мөлшерден тыс қарым-қатынас жа-сауға құштар болады. Олардың болашақты болжауға құлшынысын тудырып, қолдап, жағымды мінез-құлқын бекіте отырып, жасөспірімдердің еріктік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Қиын балалардың 90 пайызының сабаққа ықыласы жоқ. Сондықтан оларды сынып-

тан тыс іс-шараларға тарту арқылы, спорт-қа, техникаға, өнерге қызықтыру арқылы оқуға бірте-бірте тарту әлеуметтік педагог-тердің және пән мұғалімдердің қасиетті ісі болып табылады. Себебі, аталған қызмет-тердің бірінде жеңіске жету оларды басқа да істерге табысты болуға жетелейді. Ол үшін әлеуметтік педагог адамның өзін-өзі дамытушылық қасиетімен өзін-өзі тәрбие-леу мүмкіндігін есепке алуы керек.

Әрбір баланың жақсы болуға тырыса-тын кездері болады: оның сондай белсен-ділігі мен талпынысына қолдау көрсету, демеп жіберу, сеніммен қарау балаға қан-нат бітіріп, басқаларға деген сенімін ұл-ғайтады.

Қиын оқушыларға әр түрлі жағдаяттар туғызу арқылы сыныпта оның беделін көтеруге мүмкіндік беру, ұжымдық шы-ғармашылық істерге тарта отырып оның қабілетін жақсы жағынан көрсете білуіне жәрдемдесу олардың мектеп ұжымына қайта оралуына әсер ететін бақытты сәт-тер болып есептеледі. Әлеуметтік педагог қиын оқушылармен жұмыс жүргізгенде осыларды іске асыруға міндетті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Акажанова А.Т. Девиантология / Учебное пособие. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 114 с.
2. Садвакасова З.М. Технологии в работе с детьми девиантного поведения. Арт-педагогический аспект. Монография. – Алматы, 2016. – 273 с.
3. Керімов Л. Қиын баланы қайта тәр-биелеу. – Алматы: Рауан, 1996. -77 б.

**Ұлболсын Жақсылыққызы БИСЕНБАЙ,
Ф. Мұратбаев атындағы №17 мектептің
әлеуметтік педагогы.
Қазалы қаласы,
Қызылорда облысы.**



Формирование нравственно-ценностной мотивации поведения студенческой молодежи

Целью образовательного процесса в вузе наряду с подготовкой компетентного специалиста, является и разно-стороннее развитие личности. С учетом этапов профессионального становления специалиста как ответственного субъекта своей профессиональной активности на этапе обучения в высшей школе в качестве одной из главных задач формирования личности следует признать развитие нравственно-ценностной мотивации, выступающей в качестве основы профессиональной этики и одного из факторов социальной и профессиональной самореализации личности. Проблема осознания назначения человека и мотивов его поведения, системы его нравственных ценностей, его отношений с другими людьми являлась главенствующей в философии, психологии и педагогике и других человековедческих наук на протяжении долгих лет.

Проведенный нами анализ философской, социологической и психолого-педагогической литературы свидетельствует о пристальном интересе российских, казахстанских и зарубежных исследователей к проблемам:

- формирования совокупности интеллектуальных, психологических, нравственных особенностей личности (Б.С. Гершунский, В.И. Загвязинский, С.Г. Ваниева, А.А. Деркач, Е.И. Казакова и т.д);

- социокультурного подхода к развитию общества и ценностей в нем (А.С. Ахиезер, Л.А. Беляев, А.А. Бодалёв, В.В. Давыдов, И.И. Докучаева, А.Г. Здравосмыслов, С.Э. Крапивенский, Н.И. Лапин, В.С. Леднёв, А.В. Мудрик и т.д);

- роли народных традиций в педагогическом процессе, связи истории и культуры народа с его языком, эстетическим опытом поколений (В.И. Абаев, В.Ф. Афанасьев, Г.Н. Волков, Е.К. Медынский, В.З. Смирнов, З.Б. Цаллагова и др.);

- содержания, целей и методов духовно-нравственного воспитания личности (В.П. Бездухов, А.В. Бездухов, Б.М. Бим-Бада, А.А. Бодалев);

Вместе с тем, в данных исследованиях существует некоторая разрозненность теоретических идей, связанных с проблемой нравственно-ценностной мотивации личности; не выявлены основные направления ее решения; не определена важность современных воспитательных средств; не выявлены педагогические условия и специфика протекания процесса исследования и последующего формирования нравственно-ценностной мотивации молодежи. В первую очередь для определения сущности и содержания процесса формирования нравственно-ценностной мотивации поведения студентов необходимо рассмотреть особенности



данного возраста, его доминирующие ценностные ориентации.

Опираясь на исследования классиков советской психологии в области возрастных особенностей личности Б.Г. Ананьева, А.В. Дмитриева, И.С. Кона, В.Г. Лисовского, С.И. Архангельского, Л.И. Рувинского и других, можно утверждать, что в ранней юности у человека формируются нравственные представления мировоззренческого уровня: о смысле жизни, о счастье, о человеке как высшей ценности, индивид становится способным осуществлять нравственный выбор. В античности в исконное понятие «ценность» вкладывалось, прежде всего, то, что движет человеком, определяет его действие. Для Сократа – это стремление к постижению истинного смысла вещей. Платон определял ценность как стремление к благу. Благо достижимо через приобщение к вечной «незримой» идее, которая выражает вечное бытие. В позднейших школах античности представление о ценности изменяется. Так, согласно Эпикуру, двигателем развития человека является правильно понятое стремление к личному счастью. В Средневековье существенно расширяется сфера морально-религиозного в понимании существа ценности.

Существенно изменилось представление о ценности в эпоху Возрождения, когда на первый план выдвинулась идея личности-творца. Но только в Новое время (XVII-XVIII века) в понимание ценности в различных конфигурациях включаются такие установки, как: гражданская свобода, разум человека, величие науки, вечный мир между народами (Б. Спиноза, Г. Лейбниц, Ф. Хатчесон, Д. Беркли, Вольтер, Ш.

Монтескье, Ж.-Ж. Руссо, Д. Дидро, И. Кант и др.).

Термин «ценность» был введен Рудольфом Лотце. Для него ценность существует лишь в ее значимости для субъекта, хотя она объективна, т.к. обладает общезначимостью для индивидов. Тем самым он отмечал двойственность и субъективно-объективную природу ценности. В последующих трактовках категории «ценность» также присутствует противоречивость мнений относительно ее субъективности или объективности. Развитие аксиологии в России до XVIII века строилось в русле христианско-православного. Светская составляющая аксиологии оставалась незначительной. Во времена правления Петра I произошла кардинальная перелицовка ценностных ориентаций.

Посредством усилий «сверху» в российскую жизнь проникли идеалы европейского Просвещения, прежде всего – знания и образованности, а также, характерные для буржуазной эпохи утилитарные представления о выгоде и пользе (М. Ломоносов). Особое место в российской аксиологии XIX века занимают Ф. Достоевский, Вл. Соловьев и Л. Толстой. Значительный вклад в XX веке в российскую аксиологию был сделан представителями русской философской мысли (Н. Бердяев, С. Франк, Н. Булгаков, П. Сорокин и др.), а также российскими и учеными XX века (В. Тугаринов, В. Василенко, О. Дробницкий, А. Здравомыслов, М. Каган, Н. Лапин, В. Луков, В. Ольшанский и др.). В психологическом аспекте трактовка ценности нашла широкое отражение в диспозициональной концепции личности Гордона Олпорта, в последствии



объективистская трактовка ценности стала основой составления им «теста изучения ценностей». В российской социологической науке идентичное понимание мы находим у В.А. Ядова.

На современных исследователей ценностей большую роль оказали исследования О.Г. Дробницкого, а также подходы Чикагской социологической школы. В ходе исследования ценностей как теоретической проблемы ученые разных стран, представители различных научных школ высказывали оригинальные и достаточно обоснованные идеи, позволяющие говорить о высоком уровне разработки данной категории. Поэтому развитие теории ценностей и ценностных ориентаций движется в направлении уточнений, которые вносит сама жизнь, а именно рождение нового типа цивилизации – глобально-информационной. Практика исследования категории ценность развивается в направлении применения новых научных методов исследования, формирующихся в последнее время на стыке гуманитарных наук.

В последнее время учеными-гуманитариями отмечается, что в гуманитарном познании ученый имеет дело не с терминами, а с концептами, т.е. со словами, в которых помимо некоего содержания присутствует еще и возникающий в сознании образ, который вызывает ту или иную эмоциональную реакцию. Концепты в отличие от терминов трудно перевести на другой язык, т.к. они несут отпечатки истории языка и культуры. Это приводит к сложности в понимании гуманитарных концепций, созданных в разных странах: одни и те же концепты редко бывают абсолютно идентичными. На наш

взгляд именно таким концептом и является понятие «ценность». В русском языке оно восходит к *прилагательному «ценный»*, образованному от существительного «цена». Но если обратиться к словарю В.И. Даля, в котором употребление слова «цена» и производных от него, датированное XIX веком, свидетельствует о том, что слово «ценность» в то время еще не занимает заметного места в русском языке и определяется как «свойство по прилагательному».

В отдельных европейских языках (во французском, немецком и др.) мы обнаруживаем два значения ценности: 1) как стоимости и 2) как значимости, которые обозначаются разными словами.

